

"Әйтеке би ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" 2016 жылғы 11 мамырдағы № 33 аудандық мәслихаттың шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2016 жылғы 29 желтоқсандағы № 95 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 18 қаңтарда № 5232 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 2018 жылғы 2 наурыздағы № 193 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Әйтеке би аудандық мәслихатының 02.03.2018 № 193 шешімімен (алғаш ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Кодексінің 386, 444 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес, Әйтеке би аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Аудандық мәслихаттың 2016 жылғы 11 мамырдағы № 33 "Әйтеке би ауданында пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірінғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы" (номативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4940 тіркелген, 2016 жылғы 2 маусымдағы аудандық "Жаңалық Жаршысы" газетінде жарияланған) шешіміне келесі толықтыру енгізілсін:

көрсетілген шешімнің 1 тармағында:

"Әйтеке би ауданында" сөздерінен кейін "Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес" сөздерімен толықтырылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихан
сессия төрағасы
Б.Сейлханов

Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Е.Б.Таңсықбаев

